

«Балбөбек-1» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктігі

«Бекітемін»

«Балбөбек-1» бөбекжай балабақшасы

ЖШС меңгерушісі *М.А. Албаев*



МАД «Қызғалдақ» тобының 2023-2024 оқу жылының
қазақ тілі перспективалық жоспары

Тәрбиеші: Сексембаева.М

Топ: «Қызылалдақ» мектепалды дәйрлік

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Қазақ тілі	Мектеп жасына дейінгі балаларда сойлеу барысында негізгі ұтымдарды еркін колдана алуға үйрету
Қазан		Тілдік дамытушы орта:Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен,киім-кешегімен,азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен суреттер арқылы танысу. Сойлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік артикуляциялық аппаратты,тыныс алуды және таза дикцияны дамыту,қазақ тіліне тән қ,у,ұ дыбыстарын,осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру
Қараша		Тілдік дамытушы орта:Тұрмыста,аң аулауда,мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен танысу және атауыларын атау. Сойлеудің дыбыстық мәдениеті: Тыныс алуды және таза дикцияны дамыту,қазақ тіліне тән і,ғ,ң,һ дыбыстарын,осы дыбыстардан тұратын сөздерді айтуға дағдыландыру. Сөздік қор:Азық-түлік атауларын (бидай,күріш,,арпа,жүгері,талқан,тары,жент,күрт,сүзбе,шұбат,қымыз,айран сөздермен толықтыру.
Желтоқсан		Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері,әсем табиғаты,тарихи орындары туралы суреттерден альбомдар жасау. Сойлеудің дыбыстық мәдениеті:Фонематикалық естуді дамыту. Сөздік қор:Тұрмыстық заттарды білдіретін оның ішінде аншылық кәсіпті (аң,аңшы,орманшы,қорықшы) сөздермен

Қытар	толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы:Сөздерді жіктеп,септеп қолдана білуді,интонациясы бойынша сойлемдерді (хабарлы,сұраулы,лепті) ажыратып,сойлегенде қолдана білуді жетілдіру. Тілдік дамытушы орта Егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы,ортасы,соңы). Сөздік қор:Тұрмыстық заттарды білдіретін соның ішінде мал өсіруге байланысты (қора,жайлау,қыстау,жем,астау,соғым,сыбаға) сөздерімен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы:Сөздерді жіктеп,тәуелдеп,септеп қолдана білуді қалыптастыру. Байланыстырып сойлеу:Өз бетінше қарым-қатнас жасауға,әңгімелесуге,әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға,сұрақтарды дұрыс қоюға,оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. Тілдік дамытушы орта: Ауызекі сөйлеуде мақамәтелдерді,көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету,ынталандыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:Тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Сөздік қор: Тұрмыстық заттардың ішінде егіншілік кәсіпке байланысты(дән,тұқым,суару,отау,ору,диірмен,орақ,кетпен,шалғы,айыр,күрек,тырма,соқа) сөздермен толықтыру. Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары,ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату,жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу
Ақпан	
Наурыз	

Сөз

Байланыстырып сөйлеу

Тақые немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, таңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы ролдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-күлкіні жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқыдауға мүмкіндік беру.

Мамыр

Байланыстырып сөйлеу:

Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.